

Ұ.Қ.Қыякбаева¹, Ұ.Б.Төлешова², Р.К.Бекмагамбетова³

^{1,3} Абай атындағы КазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

² әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ АНИМАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік педагог, анимация, анимациялық іс-әрекет, бос уақыт, бос уақытты тиімді ұйымдастыру ұғымдарын зерттеген отандық, шетелдік, ресейлік ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдаулар жасалып, әлеуметтік педагогтың анимациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру жолдары ұсынылған.

Әлеуметтік педагогтың жұмыс объектілері оқушылар мен ата-аналар ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі жастағы адамдар, клубтар, секциялар, топтар және қоғамдық бірлестіктер. Әлеуметтік педагогтың анимациялық әлеуеті болып коррекциялық жұмыстарды жүргізе алуы, девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік педагогикалық технологияларды пайдалана алуы, әлеуметтік педагогикалық жүйелерді басқаруы, тренингтер, педагогикалық-психологиялық диагностика жүргізуі болып табылады.

Анимациялық қызмет адам тұлғасын әлеуметтендіру мақсатында қызметтің арнайы ұйымдастырушылық және басқарылатын түрін білдіреді. Осы контексте анимациялық қызметтің тәрбиелік әлеуеттері басым болады. Сипатты белгілері, құрылымы және мазмұны оны студенттерді әлеуметтік тәрбиелеу құралдары ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Анимациялық қызмет әлеуметтік тәрбиелеу құралы ретінде әлеуеттерге ие.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, анимациялық іс-әрекет, бос уақыт, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, қоғамдық бірлестіктер, әлеуметтік педагогтың анимациялық әлеуеті.

Кыякбаева У.К.¹, Төлешова У.Б.², Бекмагамбетова Р.К.³

^{1,3} Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan,

² al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF FORMATION OF READINESS OF THE SOCIAL TEACHER TO ANIMATION ACTIVITY

Abstract

The article presents a theoretical analysis of the works of native, foreign, Russian scientists studying the concepts of social pedagogue, animation, animation activities, leisure, effective leisure organization, as well as ways of formation of readiness of social pedagogue to animation activities.

The objects of work of a social teacher are not only students and parents, but also people of different ages, clubs, sections, groups and public associations. management of pedagogical systems, trainings, pedagogical and psychological diagnostics.

Animation activity is a special organization-driven type of activity with the goal of socializing a human person. In this context, the educational potential of animation is predominant. Characteristic features, structure and content allow using it as a means of social education of students. Animation has potential as an instrument of social education.

Keywords: social teacher, animation, leisure, effective organization of leisure, public associations, the animation potential of a social teacher

У.К.Кыякбаева¹, У.Б.Толешова², Р.К. Бекмагамбетова³

^{1,3} КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казакстан

² Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казакстан

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА К АНИМАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье представлен теоретический анализ трудов отечественных, зарубежных, российских ученых, изучающих понятия социального педагога, анимации, анимационной деятельности, досуга, эффективной организации досуга, а также пути формирования готовности социального педагога к анимационной деятельности.

Объектами работы социального педагога являются не только ученики и родители, но и люди разных возрастов, клубов, секций, групп и общественных объединений. управление педагогическими системами, тренинги, педагогическая и психологическая диагностика.

Анимационная деятельность - это особый организационно-управляемый вид деятельности с целью социализации человеческой личности. В этом контексте образовательный потенциал анимации является преобладающим. Характерные черты, структура и содержание позволяют использовать его как средство социального воспитания студентов. Анимация имеет потенциал как инструмент социального воспитания.

Ключевые слова: социальный педагог, анимационная деятельность, досуг, эффективная организация досуга, общественные объединения, анимационный потенциал социального педагога

Кіріспе. Әлеуметтік педагог өзінің негізгі жұмыс бағытын оқушылардың сабақтан бос уақытын тиімді пайдалану мәселесімен айналысады. Олар ата-аналармен бірлесе отырып, мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері әлеуметтік педагогтың үлесіне тиеді.

Алдымен әлеуметтік педагог әрбір өскелең жас адамға ақылшы, ұстаз, аниатор, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиеші, үлестіруші-әдіскер, олардың әлеуметтік құқықтарын қорғаушы болуға тиіс. Әлеуметтік педагог кәсіби психологиялық жағынан дербес жасампаз адамдарға, жоғары оқу орнында алған білімі мен машығы негізінде оқушы жастар мен олардың отбасыларының құқықтарын әлеуметтік жағынан қорғай алатын, жеке адамның әлеуметтік ортада, оқу барысында, еңбек қызметінде және бос уақытында жан-жақты жарасымды дамуының мәселелерін пайымдап, іске асыра алатын әлеуметтік педагогтарға ғана тиесілі. Әлеуметтік педагогтың жұмыс объектілері оқушылар мен ата-аналар ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі жастағы адамдар, клубтар, секциялар, топтар және қоғамдық бірлестіктер. Мұндай ортада барлығы өздерін еркін ұстайды, тәуелсіз сезінеді. Сондықтан да бұл ортада жұмыс істеп, оқушының бос уақыттағы тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қиын да күрделі жұмыс [1].

«Анимация» түсінігі латын тілінен шыққан (anima – жел, ауа, жан; animatus – тірілту) және жандандыру, рухтандыру, өмірлік күштерді ынталандыру, белсенділікке тарту дегенді білдіреді. Анимация – бұл өзіне-өзі қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатын көздейтін ерекше қызмет, сонымен қатар, турбизнесің табыстылығы мен пайдалылығын арттыру үшін нарықта туристік өнімді жылжытуды мақсат ететін, қонақтар мен олардың таныстарын қайтадан тартудың, жарнаманың ерекше түрі. Анимация - бұл жалпы мағынада белгілі бір іс-әрекеттің түрі болып есептеледі және сонымен қатар бос уақытта арнайы бағдарламалар, қойылымдар өткізу мақсатында жүзеге асады. Анимациялық бағдарламаларға спорттық тартыс ойындар, би кештері, ойындар, рухани және көңіл көтеру мақсатындағы барлық іс-шаралар енеді.

Белгілі ғалым В.Г. Бочеров «анимация» ұғымы – бос уақытта шығармашылық ізденіс іс-әрекетін ұйымдастырумен байланысты кәсіби іс-әрекет деп түсіндірілген.

Ал А.И. Лучанкин мен А.А.Сняцкий «аниматор» балалармен, жеткіншектермен, жастармен мәдени тәрбиелеу құралдарымен шеберлікпен қарым-қатынаста болатын, педагогикалық бос уақытты ұйымдастырудың технологиясын меңгерген маман деп түсіндіреді. Кәсіби педагогикалық

аниматорлық іс-әрекеттің мәнін анықталған типтегі, өзара әрекеттесудегі шынайы әрекеттен көруге болады. А.В.Мудрик анықтағанындай өзара әрекеттесу қарым-қатынасты қажет етеді. Бос уақыттағы өзара әрекеттесу ерікті және таңдаулы болады. Кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетіне мәніне берілген көптеген анықтамаларды талдай келе оған төмендегідей анықтаманы беруге болады [2].

«Әлеуметтік мәдени анимация» термині бос уақыт саласында алғаш рет ХХ ғасырдың 50-жылдары француз әлеуметтанушысы Ж. Дюмазадьенің «қоғамның мәдени даму досуі» атты контекстік теориясында қолданылды. Ұйымдастырылған досуг саласында лидер феноменіне қатысты Ж. Дюмазадье «әлеуметтік мәдени лидер» ұғымын қолданды, ал кейінірек оны «әлеуметтік мәдени анимация» термині етіп ауыстырды. Содан соң бұл термин ғылыми-практикалық лекцияларда «бос уақытты ұйымдастырушы кәсіп» деген атпен қатаң аталып кетті.

Аниматор – бұл анимациялық жұмысты іс-жүзіне асыратын маман. Анимациялық іс-әрекет негізінде болашақ мамандардың коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Анимациялық іс-әрекеттің құралы, формасы және әдістері технологиялық үрдістің негізгі құрамдас бөлігі.

«Аниматор» фр. тілінен аударғанда «animateur» бір іс-әрекетке деген қызығушылығын ояту дегенді білдіреді. Ұйымдастырушылар балалардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыруда «аниматор» терминін енгізген болатын [3]. Аниматор балаларда іс-әрекетке деген қызығушылығын ояту болып табылады. Аниматор топтың мүшесі болып, топтың өміріне қатысады. Ол топтың әлеуметтік және мәдени жетілуіне жауапты болып табылады. Оның міндеті балалардың мәдениетке деген ұмтылысына жағдай жасайды, топта жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, балалардың шығармашылыққа деген жігерін арттырады. Аниматор іс-әрекеті әлеуметтік және тәрбиелік сипатта болады және топтың даму процесімен қамтамасыз етеді. Ұжыммен топтардың қоғамдық деңгейде қарым-қатынастарымен мәдени қалыптастыруда педагогикалық анимация басты міндеттерді айқындайды. Қоғамдық қарым-қатынастар астарына қоғамдық байланыстар мен тұлғааралық қарым-қатынастарды орнату. Ұзақ уақыт бойы мәдениет өнер туындыларында ғана көрінді және оны таратушылар ұстаздар болды. Аниматор тұлғадағы шығармашылық қабілетін оятушы болып табылады.

Аниматор іс-әрекеті екі бағытта құралады: *біріншісі* жалпы сипаттама, ал *екіншісі* мамандандырылған және техникалық. *Біріншісіне* кәсіподақ, ассоциациялардың, қозғалыстардың, топтардың қоғамдық-тәрбиелік мәдени мекемелердің қызметкерлері мысалы: кітапхана және мұражайлардың жауапты қызметкерлері. *Екіншісіне* – балалар лагерлерінің вожатыйлары т.б. жатады. Бұл мамандар жоғары оқу орындарында даярланады.

Негізгі бөлім. Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартуда әдістемелік жұмыстың маңызды екенін ескеру қажет. Міне, осы мақсаттарды орындау үшін мынадай міндеттер көзделіп отыр: біріншіден, нарықтық экономика жағдайына қарай ғылыми-техникалық үрдіс талаптарына сай мамандар дайындаудың қолайлы мазмұнын анықтау, екіншіден, ең тиімді әдістер мен құралдарды жасауды қайта қарастыру, үшіншіден, оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми дәлелденген материалдық техникалық базасын жасау және құру, төртіншіден, оқу барысында студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру және оларға берілетін ақпаратты берік игеруін қамтамасыз ету – басты міндетіміз. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекет – өзіне операциялды және жеке аспектілерді қосатын көп қызметті құбылыс. Болашақ маманды айтылған кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыруда, сол іс-әрекетті және оның жүзеге асуына талаптар мен сипатталатын өзіндік ерекшеліктері бар.

Әлеуметтік педагогтің анимациялық әлеуеті болып коррекциялық жұмыстарды жүргізе алуы, девиантты мінез-құлықты балалармен әлеуметтік педагогикалық технологияларды пайдалана алуы, әлеуметтік педагогикалық жүйелерді басқаруы, тренингтер, педагогикалық-психологиялық диагностика жүргізуі болып табылады. Сөйтіп, кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте құрастырушы-моделдеуші шекте жобалау, талдау, болжаушылық қызметтерді бөліп көрсетуге болады. Бұл қызметтер кез келген басқару іс-әрекетінде көрінетін мақсатты пайымдау, болжаушылық, жоспар жасау, шешімді өңдеу және таңдау әрекеттерімен байланысты. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетіндегі аталған қызметтер бос уақыттағы өзара әрекетті ұйымдастыруға бағытталады.

Әлеуметтік педагог өзінің негізгі жұмыс бағытын оқушылардың сабақтан бос уақытын тиімді пайдалану мәселесімен айналысады. Олар ата-аналармен бірлесе отырып, мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері әлеуметтік педагогтың үлесіне тиеді.

Алдымен әлеуметтік педагог әрбір өскелең жас адамға ақылшы, ұстаз, аниатор, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиеші, үлестіруші-әдіскер, олардың әлеуметтік құқықтарын қорғаушы болуға тиіс. Әлеуметтік педагог кәсіби психологиялық жағынан дербес жасампаз адамдарға, жоғары оқу орнында алған білімі мен машығы негізінде оқушы жастар мен олардың отбасыларының құқықтарын әлеуметтік жағынан қорғай алатын, жеке адамның әлеуметтік ортада, оқу барысында, еңбек қызметінде және бос уақытында жан-жақты жарасымды дамуының мәселелерін пайымдап, іске асыра алатын әлеуметтік педагогтарға ғана тиесілі.

Әлеуметтік педагогтың жұмыс объектілері оқушылар мен ата-аналар ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі жастағы адамдар, клубтар, секциялар, топтар және қоғамдық бірлестіктер. Мұндай ортада барлығы өздерін еркін ұстайды, тәуелсіз сезінеді. Сондықтан да бұл ортада жұмыс істеп, оқушының бос уақыттағы тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қиын да күрделі жұмыс [4].

Н.Ф. Максютиннің зерттеуінде «мәдени-бос уақыт қызметі» рухани-мәдени құндылықтардың таралуын, үйлесімді дамыған, шығармашылық белсенді тұлғаны қалыптастыру мақсатында бос уақыт саласында адамдардың белсенді шығармашылық тұрғыдан оларды меңгеруді қамтамасыз етуге арналған әлеуметтік институттарды функциялық тұрғыдан біріктіретін қоғамның рухани-мәдени өмірінің қосалқы жүйесі деп қарастырылады [5]. Заманауи педагогикалық энциклопедияда бос уақыт «адамның бос уақытында өзінің таңдауы бойынша алуан түрлі қызметпен айналысу мүмкіндігі» ретінде түсіндіріледі. Бос уақыт қызметінің алуан түрлерін бес топқа бөлуге болады:

– тынығу – шаршағанды басады, адамның физикалық және рухани күштерін қалпына келтіреді (кітаптар оқу, дене шынықтыру, әуен тыңдау және т.б.);

– көңіл көтеру – бос уақыт қызметі ретінде біртекті еңбектің орнын баса отырып, орнын басу сипатына ие. Адам көңіл көтере отырып, өзінің бос уақытына еңбекте де, тынығуда да жүзеге асыра алмайтын физикалық және рухани ерекшеліктері мен бейімділіктерін қосады (кинофильмдер қарау, мұражайларға бару, концерттер тамашалау және т.б.);

– мереке – онда тынығу мен көңіл көтеруді біріктіреді (халықтық, саяси, діни, кәсіби, отбасылық мерекелері);

– өздігінен білім алу – адамдарды, әдетте, кәсіби дайындықпен, біліктілікті арттырумен байланысты емес мәдениет құндылықтарына тартуға бағытталған (әдебиет оқу, семинарларға, іскерлік ойындарға қатысу, экскурсиялар, дәрістер, әуен тыңдау және т.б.);

– шығармашылық – бос уақыт қызметінің неғұрлым жоғары деңгейі.

Анимациялық қызмет адам тұлғасын әлеуметтендіру мақсатында қызметтің арнайы ұйымдастырушылық және басқарылатын түрін білдіреді. Осы контексте анимациялық қызметтің тәрбиелік әлеуеттері басым болады. Сипатты белгілері, құрылымы және мазмұны оны студенттерді әлеуметтік тәрбиелеу құралдары ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Анимациялық қызмет әлеуметтік тәрбиелеу құралы ретінде әлеуеттерге ие.

Біріншіден, әлеуметтік белсенділік, коммуникативтілік, ұйымдастырушылық, мобильділік, креативтілік секілді тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттері адамға табиғатынан берілмейтін қасиеттер ретінде әлеуметтену барысында қалыптасады және оның генетикалық жетістігі немесе ерекшелігі болып табылмайды. Тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттері студенттің әс-әрекеттерінде және қылықтарында, оның басқа адамдарға қарым-қатынасында көрінеді. Анимациялық қызмет үдерісінде студент тұлғасының әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыру мәні басқарушылық мәселелерді шешуге стандартты емес тұғырларды іздеуге, идеяларды жасауға, өзінің қызметін жоспарлауға, қоршаған орта болмысын өзінің қажеттіліктеріне, көзқарастарына және мақсаттарына сәйкес өзгертуге бағытталуында көрінеді.

Екіншіден, студенттерді әр түрлі жас ерекшелік санаттарымен, әр түрлі әлеуметтік мәртебеге ие адамдармен өзара қарым-қатынас жасауға дайындауға ықпал етеді. Анимациялық қызмет студенттерді әр түрлі жастық, кәсіби қатынасқа қосуға мүмкіндік береді, сол арқылы қатынасқа деген қажеттілікті қанағаттандырады, коммуникативті құзыреттілікті дамытады. Адамдармен өзара тиімді қарым-қатынас адамгершілік және демократиялық құндылықтарға, моральдық нормаларға, адамның жас ерекшеліктерін білуге, тұлғаның басқа мәдениет өкілдерімен байланыс жасау қабілеттеріне, коммуникативтік құзыреттілікке негізделеді. Адамдармен өзара тиімді қарым-қатынастың өзіне белгілі бір коммуникативтік білімдер мен қабілеттердің жиынын ғана емес (әлеуметтік жағдайларда бағдарлану, басқа адамдардың жеке ерекшеліктері мен эмоциялық күйлерін анықтау), сонымен қатар, коммуникацияға қабілеттілікті қалыптастыруды да қамтиды.

Үшіншіден, анимациялық қызмет студентке интерактивті өзара қарым-қатынас, әлеуметтік ортадағы қызмет пен мінез-құлық модельдерін жетілдіру тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Студенттерде өзара қарым-қатынас жағдайларын реттеуге ұмтылыс, талдау, болжам жасау, өзара қарым-қатынасқа өзінің қатысуын жоспарлау қабілеті қалыптасады. Анимациялық қызмет интерактивті өзара қарым-қатынастың бір бөлігі ретінде әлеуметтік-мәдени сипатқа ие және қоршаған болмысты түрлендіруге ықпал етеді. Анимациялық қызметке қамтылу барысында студенттер тұлғалық және кәсіби қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін әр түрлі топтардың қатысушыларына айналады.

М.Е.Кульпетдинова мәдени-бос уақыт бағдарламасын құрудағы б қағиданы атап көрсетеді: *ақпаратқа толыққан, эмоционалды, бұқаралық, белсенділік, диалогиялық, мирастық және дәйектілік* [6].

Бос уақыт туралы ғалым - психолог М. Мұқанов: «Бала мезгілді жоспарсыз өткізуге әдеттенсе, онда оны неше түрлі қолайсыз нәтижелерге, айталық, жалқаулыққа апарып, кейін сабақ үлгермеуге немесе көшеде уақытын өткізіп, тәртіп бұзуға әкелуі ықтимал» - деп көрсетті. [7].

К.Д. Ушинский: «Егер адам бос уақытында қандай іспен айналысуды білмесе, онда оның басы да, жүрегі де, адамгершілігі де бұзылады» деген. Міне, сондықтан да ересек адам болсын, жас бүлдіршін болсын өзінің бос уақытын тиімді өткізуге талпынуы қажет.

Қорытынды. Қорыта келе, оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мөн біліктерді меңгеруін, ой-өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды. Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Кітапхана қорында оқушыға керекті кітаптар жетерлік, кітапхананың жұмыс уақыты таңғы сағат 9 дан, кешкі сағат 9 ға дейін. Оқушылардың бос уақытына кинозал қызмет етеді. Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысын атқаруда. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

Адам баласына берілген ең баға жетпес құндылықтардың бірі – уақыт. Бүгінгі күні дамыған өркениетті елдерге бара қалсаңыз, кез келген адамның осы уақыт мәселесіне келгенде тым сараң екенін байқайсыз. Өйткені олар уақыттан ұтылған жағдайда көп нәрседен қағылатындықтарын жақсы біледі. Адамның өмірінің басты мақсаты – ол мәдениет принциптеріне сүйене отырып, өзінің бойындағы дарынды-қасиетті дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын, тұрақтылығын қамтамасыз ететін орта болып табылады. Осы орайда әлеуметтік педагог қызметінде анимациялық іс-әрекеттерді білудің маңызы ерекше. Бұл мәселелерді әлеуметтік педагог мамандар «Педагогикалық анимация» курсы арқылы бос уақытты ұйымдастыру, анимациялық бағдарламалар құрастыру, мәдени дем алу жұмысын ұйымдастыру, ақпараттар жинау және оны құрастыру, іс-шара жоспарын құрастыру мәселелеріне байланысты білім ала отырып, тәжірибелік жұмыстар арқылы оны іске асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Философия и педагогика каникул/ под ред. Крыловой Н.Б. – М.: Творческая педагогика, 1997. - 228с.*
2. *Жарков, А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности Текст. / А.Д. Жарков. М.: Изд-во «Профиздат», 2000. - 287 с.*
3. *Жетписбаева Б.А. Этнопедагогические основы содержания в школах Казахстана и Германии. Дисс...канд.пед.наук. Караганды, 2004.-198с.*
4. *Ярошенко Н.Н. Социально-культурная анимация. – М., 2000. - 215 с.*
5. *Зацепина, М.Б. Формирование основ культуры ребенка средствами культурно-досуговой деятельности. :дис. . д-ра пед. наук: / М.Б. Зацепина. М., 2005. - 414 с.*
6. *Шульга, И. И. Педагогическая анимация: учебное пособие для академического бакалавриата . -Москва : Издательство Юрайт, 2019. -150 с.*
7. *Ерментаева А.Р. Жогары мектеп психологиясы. –Алматы, 2012. - 489 с*